

А. М. Нұрахметова, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі; Н. С. Сембиев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

СОТ ЭТИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сот тәрелігін атқаруда, сот әндірісінде, сот, прокуратура және тергеу органдарында адамгершілік нормаларын қатаң сақтап, оларды өз орнымен дұрыс қолдана білудің маңызы өте зор. Қылмыстық құқық бұзушылықты ашу, қылмыскерді анықтау, оны ұстау, қылмысына қарай әділ жаза тағайындау, оның кейінгі өмірінде мәнді, мазмұнды ғұмыр кешуі үшін дұрыс жолға түсіріп, баулып, тәрбиелеу ісі қоғам мен адам мүдделерінің етене қабысқан өзара бір-лігінен туындайды. Сөз жоқ, сот тәрелігін атқаратын органдардың өз әкілеттілігін іс жүзінде жүзеге асыру барысында азаматтардың құқықтарын қозғап, белгілі бір тұлғаға мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылатыны аян. Азаматтың ар-ұяты, бостандық-еркіндігі, отбасындағы келісті үйлесімділігі, яғни, бір сөзбен айтқанда, тағдыры қылмыстық істер бойынша шығарылатын тергеу қорытындысына тікелей байланысты. Ендеше қылмыстық істер бойынша соттың тергеу қорытындысы заң мен адамгершілік негіздерге сүйенуі абзал. Яғни, қылмыстық істерді тергеп, сот шешімін шығарғанда, қылмысқа қарсы күрес шараларын қолдану заң талаптарына ғана емес, сондай-ақ адамгершілік нормаларға да қатаң сәйкес болуы қажет, басқаша айтқанда, сот органдары алдындағы қызметтік мақсаттар заңды негізге ала отырып, адамгершілік жолдармен шешімін табуға тиіс.

Міне, осы мәселелер — сот этикасының күре тамыр негізін құрайды. Сот әдебін сөз еткен-де, сот этикасының кейбір мәселелеріне тоқталмай, басын ашпай кетуге негіз жоқ. Сот этикасы — кәсіби этиканың ең маңызды салаларының бірі. Ол заңгерлік кәсіби этикаға тән мәселелердің бір алуанын егжей-тегжейін қарастыратын ілім.

Сот этикасы — қылмыстық істерді тергеп, қорытынды шешім шығару барысындағы судьялардың, прокурорлар мен адвокаттардың қызметіне тән ерекше жағдайдағы жалпы адамгершілік нормаларын қолдану, моральдық қағидаттарды (принциптерді) жүзеге асыру туралы ғылым болып табылады. Әлбетте, сот этикасы сот әндірісіндегі қылмыстық іс жүргізуді ғана емес, азаматтық із жүргізуді де қамтиды.

Сот этикасының мазмұн-мәні мен міндеттерін дұрыс түсіну үшін алдымен мынадай маңызы бар мәселелер жігін айқындап, анықтап алған абзал: судьялар, прокурорлар мен адвокаттар үшін олардың ерекше жағдайы қызметіне тән айрықша алабөтен адамгершілік нормалары болмайды, бұл тек сот аясындағы жалпы адамгершілік талаптар үрдістерінен туындайды. Жоғарыда, сот этикасы — кәсіби этиканың үлкен бөлігінің бірі дедік. Әр кәсіптік этика өз қызметіне байланысты қолдануы ерекше сипатын табады. Бірақ, бұл, заңгерлерге арналған ерекше кәсіби этика бар болуы керек деген сөз емес, ол жалпы адамгершілік мұраттарға тәуелді деген ақиқат.

Сот этикасына қатысты мәселелер соттағы қызметтік әдептіліктің жалпы адами, адамгершілікке бейімделген құқықтық нормаларынан келіп туындайды. Қоғамдағы қалыптасқан жүйелі тәртіп ережелерін құқық деп атайтын болсақ, ал ол құқықтық санамен тікелей аста-сып жатыр. Құқықтық сананы қалыптастыратын түп негіз — құқықтық тәрбие. Құқықтық сананы қалыптастыру үшін ең алдымен ұлттың құқықтық мәдениет құндылықтарын игеру ләзім болмақ. Демек, қызметтік әдеп әліппесі ұлттық салт-дәстүрлер негіз болған құқықтық тәрбиеден бастау алады. Қазақтың халық педагогикасындағы құқықтық нормалардың тәрбиелік мәнін ашып, құқықтық мәдениет, құқықтық сана туралы зерттеп, келелі ғылыми-теориялық тұжырымдарымен кәрініп жүрген ғалым, профессор Әдібай Табылдиев өзінің «Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбиесі» атты еңбегінде былай деп пайымдайды: «Ұлтымыздың құқықтық мәдениеті әдептілік ережелер мен заңдар, кодекстер, жарғылар, қосымша баптар арқылы қалыптасуымен қатар, халқымыздың қасиетті болмысына сәйкес салт-саналық энегелі үрдістерімен ерекшеленіп тұр. Жаксы әдет әдепке, әдеп дәстүрге, дәстүр әдет-ғұрыпқа, әдет-ғұрып салт-санаға айналып, заңдылықпен қалыптасып, құқықтық заң болып өмір қолданысына айналған. Әдет-ғұрып игіліктері рәсімдер мен рәміздерден, жән-жоралғылардан, ырым-тыйымдардан кәрінеді.

Құқықтық міндеттер, уәждер, борыш, парыз ұғымдары қазақ халқының әдет-ғұрпында құқықтық әмір заңы болып сіңісіп кеткен. Ол кез келген мемлекеттік заң баптарынан әлдеқайда қуатты да құжырлы. Өйткені қалыптасқан дәстүрлер мен салттар дара тұлғаның қажетті түрде орындайтын ұждандық әрекеттерінің кәркем кәрінісі»¹.

Сәз жоқ, аталған еңбегінде ғалым құқықтық сананы тәрбиелеудің ең түпкі, бастау алар негіздеріне үңіліп, оның берік іргетасы отбасылық тәлім-тәрбиеде қаланатынын зерттеп, осы ізгілік бастаулары кейіннен орта, жоғары мектептерде жүргізілетін пәндермен, қоғамдық заңдармен айқындала түсетінін меңзейді. Яғни, біз қарастырып отырған мәселеге қатысты сот процесіне қажетті қызметтік әдептіліктің нормалары ұлттық этнопедагогиканың қайнар бұлағында жатқандығын талдап, талғап кәрсетеді. Орнымен, орайымен айтылмаса, сәз жетім дейтіндей, реті келгенде айта кететін ойымыздың тобықтай түйіні мынаған саяды: болашақ заңгердің ертеңгі бейімдік қызметіне қажетті құқықтық кәсіби әдептің тәркіні халқымыздың әдет-ғұрып, салт-санасында жатыр. Бұл болашақ заңгердің құқықтық әліппесі деуге болатындай. Осы тұрғыдан келгенде, мойындайтын басы ашық нәрсе — еліміздің заңгер мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарындағы заң факультеттерінде қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбиесі әлі күнге дейін жеке пән ретінде оқылмай келетіні. Зайырлы, құқықтық қоғамда ғұмыр кешетін азаматтарды құқықтық сана-сезімге бала кезден баулып, жүйелі тәрбие беру үшін небір тағылымдылық-тәлімдік актұма кәздерін ашатын бұл пәннің шын мәнінде берері мол. Қоғам, азамат, табиғат тірлігіндегі кемшін қалып жатқан осал тұстарды бүтіндеуге қатысты айтылатын «бұлақ кәрсен — кәзін аш» деген халқымыздың шынайы қағидасы нақ осындай жағдаяттарға байланысты айтылса керек. Өйтсе де бұл алдағы уақыттарда ғылыми тұрғыда шешімін табуға тиіс, өз алдына бөлек зерттеуді қажет ететін мәселе.

Сот этикасы сот әділдігінен тамыр тартып жатқан, соттың шынайылығына тәуелді, оны-мен біте қайнарудан туындаған айқын да жарқын құбылыс. «Заңдық тұрғыда тура, этимологиялық мағынасында алғанда «сот әділдігі» деп нақты дәделдерге, әмірдегі оқиғаларға, адамдардың іс-қылығына құқық нормасын қолдануды айтады. Сот әділдігі заңға дәлме-дәл сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен «сот әділдігі» дегеніміз — соттың азаматтық, қылмыстық істерді шешу арқылы жүргізілетін мемлекет қызметінің айрықша бір саласы. Ол заңда кәрсетілген әдістермен кәрініс табады. Сот мәжілістерінде, біріншіден, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға байланысты азаматтық істерді қарау және шешу арқылы; екіншіден, қылмыстық істерді қарау, сотталушының кінәлілігі туралы мәселені анықтау, қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамдарға заңда белгіленген жазалау шараларын белгілеумен, не кінәсіздерді ақтау жолымен жүзеге асырылады. Демек, сот мәжілісі — сот әділдігіне қол жеткізетін заң түрі. Сот әділдігін жүзеге асырудың жалғыз-ақ жолы істерді сот мәжілісінде қарау»². Міне, осы сот мәжілісітерінде судьяның, прокурордың, адвокаттың әдептері әзіне тән түрлі белгілермен айқын кәрініс тауып жатады.

Сот тәрелігін жүзеге асырар сот қызметінде адамгершілік нормаларды қатаң түрде сақтап, оны өз мәнінде қолданып отырудың маңызы айрықша болады.

Ұсыным ретінде айтарымыз ішкі істер органдарында әдеп, этикалық мәселелер қызметкерлердің жеке мүдделеріне қайшы келмеуі керек.

1 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбиесі. — Алматы, 2003.

2 Халиков Қ. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары. — Алматы, 1995.